

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің
С. Көбеев атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ**

Педагогикалық кеңестің отырысында қабылданды

№1 хаттама

«26» тамыз, 2025ж.

Жақия М.М.



ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ

Би үйірмесі

Бағыты: хореография

Оқушылардың жасы: 7-11 (1-6 сынып)

Бағдарламаны іске асыру ұзақтығы: 1 жыл

Құрастырушы:
Дутбаева К.К.

Қостанай, 2025

Түсінік хат

«Хореография» үйірмесінің бұл бағдарламасы 1 сынып оқушыларына арналған. Би өнерімен айналысу оқушылардың жалпы денсаулығына жақсы әсер етеді. Нақты жеңіл қозғалыспен дұрыс жүріп тұруына, илгіштік қабілетінің артуына, ауамен дұрыс демалуына, музыканың екпінін, буын ырғағын, мазмұнын ажырата білуге көмектеседі. Төменгі сынып оқушылары арнаулы қондырғысыз - ақ залдың ортасында бимен айналысуына болады. Ол үшін ойын түрінде берілетін нақты қимыл қозғалыс жаттығуларына көбірек көңіл бөлуі қажет. Олар қимыл қозғалыспен музыканы үйлестіру шеберлігін дамытады.

Мақсаттары:

Оқушылардың дене бітімін шынықтырып, күшейту. Музыканы есту және баулу қабілетін теория және практика жүзінде іске асыру. Биді түсіну және билеу қабілетін қалыптастыру. Өзін - өзі ұстай білуге тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Сезіну, есту қабілетін дамыту.
- Қимыл - қозғалыс аппараттарының жүрек қан айналымын реттеп, жақсарту.
- Дененің дұрыс бітімін қалыптастыру, дұрыс демалу, дер кезінде дұрыс қимылдарын жетілдіру.
- Музыкалық шығармалардың буын - ырғағын, екпінін, мазмұнын дұрыс түсінуге дайындау.
- Теория және практика жүзінде қозғалысын дұрыс сезіне білу.
- Билеу кезінде би қозғалысы арқылы оның мәнерлілігін арттыру.
- Би қозғалысы кезінде би үйрену дағдыларын қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

Би өнерімен айналысқан ұлдар мен қыз балалар денесінің сымбаттылығымен, әдемі жүріс - тұрысымен, музыкалық ырғақты ажырата білуімен ерекшеленеді. Би өнерімен айналысу шығармашылық шеберліктердің негізін қалап, өзін - өзі жетілдіруге деген қызығушылығын арттырады.

Бағдарлама 1 жылға арналған.

1-сынып оқушылары үшін 33 оқу аптасына барлық сағат саны 132.

Би өнерінің балаларды тәрбиелеудегі ерекшелігі:

Би – өмір сүру символы. Ол адам баласын үнемі көтеріңкі көңіл-күйде, қанаттанып жүруге мәжбүрлейтін өнер. Сонау ерте дүниеден адам аң мен құстың қимылына қарап, жапырақтардың сыбдырына, бұлақ суының сылдырына елтіп, соларды жанына тоқып дамыған. Би өнері сұлулық, сымбаттылық, әсемдік сыйлайды, еңбектенуге баулиды. Ол этика мен эстетикалық тәрбие беріп қана қоймай, жанға қуат береді. Би өнерімен айналысу балалардың көркемдік талғамын дамытады, олардың орындаушылығының сұлулығы мен байсалдылығын тәрбиелейді, жалпы мәдениетін қалыптастырады, балалардың гормоникалық, көркемдік-эстетикалық дамуын қамтамасыз етеді. Классикалық бимен айналысу балаларды әдемілікке және қимылдарының нақтылығына үйретеді, күші мен икемділігін арттырады. Олардың бұлшық-қозғағыш аппаратын, тыныс алу және жүрек-тамыр жүйелерін дамытып, мүлтіксіздігін нығайтады. Сонымен қатар, балалардан күш-қуатты, жинақылықты талап ететін би өнері олардың еңбексүйгіштігін көтереді, ерігі мен мінез-құлқын шынықтырады. Би өнері – тілсіз өнер, оның айтар мағынасы болуы шарт. Философиялық мағынаға бай болуы тиіс. Былай айтқанда, спектакль іспеттес. Жүректегі, ойдағы жазуды би тілімен, жеткізу, халықты бұған сендіру – басты мәселе. Осы жағынан келгенде, қолдың, саусақтың, буынның, дененің әр қимылы – пәлсапа!

Күнтізбелік жоспар.

№ р/с	Сабақтың тақырыбы	Тапсырмалар	с\саны		мерзімі	ескерту
			теори я	практ ика		
1-4	Кіріспе.Үйірмемаксаты және міндеттерімен таныстыру	Жаттығулармен танысу	2	2	01.09 03.09 04.09 05.09	01.09
5-8	Бұлшық еттерді қыздыруға арналған жаттығулар	Жаттығулармен танысу	2	2	08.09 10.09 11.09 12.09	
9-12	Сәлемдесу; Фигуралық маршировка жүрісі;	Жаттығулармен танысу	2	2	15.09 17.09 18.09 19.09	
13-16	Ритмикалық жаттығулар	Үйде еске түсіріп,қайталау	2	2	22.09 24.09 25.09 26.09	
17-20	Ұжымды реттік жаттығулар.	Үйде еске түсіріп,қайталау	2	2	29.09 01.10 02.10 03.10	
21-24	Музыканы тыңдау,ырғақты,екпінді және музыканы түсіну әдеттеріне ектіру.	Үйде еске түсіріп,қайталау	2	2	06.10 08.10 09.10 10.10	
25-28	Позиция және аяқ ұстанымдары.	Үйде еске түсіріп,қайталау	2	2	13.10 15.10 16.10 17.10	
29-32	Спецификалық аяқ ұстанымдары.	Үйде еске түсіріп,қайталау	2	2	20.10 22.10 23.10 24.10	25.10
33-36	Қимылдар мен қозғалыстардың маңызы.	Үйде еске түсіріп,қайталау	2	2	03.11 05.11 06.11 07.11	
37-40	Позиция және қол ұстанымдары.	Үйде еске түсіріп,қайталау	2	2	10.11 12.11 13.11 14.11	
41-44	Спецификалық қол ұстанымдары.	Үйде еске түсіріп,қайталау	2	2	17.11 19.11 20.11 21.11	
45-48	Қимылдар қозғалыстарындағы қол жұмыстары.	Қол позицияларын қайталау	2	2	24.11 26.11 27.11	

					28.11	
49-52	Demiplie және оның түрлері.	Үйде еске түсіріп,қайталау	2	2	01.12 03.12 04.12 05.12	
53-56	Battementtendu және оның түрлері.	Үйде еске түсіріп,қайталау	2	2	08.12 10.12 11.12 12.12	
57-60	Demiplie және оның түрлерін қайталау.	Барлық қимыл-қозғалыстарды еске түсіру	2	2	15.12 17.12 18.12 19.12	16.12
61-64	Диоганаль бойымен жасалатын жаттығуларды үйрену.	Үйде еске түсіріп,қайталау	2	2	22.12 24.12 25.12 26.12	
65-68	Зал ортасында : effaces, groisee, ecarteeалдыға және артқа позаларымен танысу.	Үйде еске түсіріп,қайталау	2	2	08.01 09.01 12.01 14.01	
69-72	Battement tendujete және оның түрлері.	Battement tendujete қайталау	2	2	15.01 16.01 19.01 21.01	
73-76	Battementfondu және оның түрлерін үйрену.	Battementfondu қайталау	2	2	22.01 23.01 26.01 28.01	
77-80	Диагональ бойымен жасалатын жаттығуларды қайталау.	Еске түсіріп қайталау	2	2	29.01 30.01 02.02 04.02	
81-84	Жаңа би үйрету.Жаңа би қойылымы. Жаңа би туралы түсінікү. Бимен таныстыру. Қимыл-қозғалыстарды көрсету,үйрету.	Барлық қимыл-қозғалыстарды еске түсіру.	2	2	05.02 06.02 16.02 18.02	
85-88	Бидің комбинацияларын көрсету. Музыкамен таныстыру. Қимыл-қозғалыстарды музыкамен үйлестіру.	Барлық қимыл-қозғалыстарды еске түсіру.	2	2	19.02 20.02 23.02 25.02	
89-92	Battementfrappe, relevent.	Үйде еске түсіріп,қайталау	2	2	26.02 27.02 02.03 04.03	
93-96	Зал ортасында : effaces, groisee, ecarteeалдыға және артқа позаларымен танысу.	Effaces, groisee, ecartee қайталау	2	2	05.03 06.03 09.03 11.03	08.03

97-100	Battement developpe.	Үйде еске түсіріп,қайталау	2	2	12.03 13.03 16.03 18.03	
101-103	Battement frappe, releve lent қайталау.	Қайталау	2	1	01.04 02.04 03.04	
104-106	Зал ортасында : effaces, groisee, ecarteepозаларын қайталау.	Қайталау	2	1	06.04 08.04 09.04	
107-109	Grandbatttementjete үйрену.	Grandbatttementjete қайталау	2	1	10.04 13.04 15.04	
110-112	Станок бойында жаттығуларды қорытындылау.	Қорытынды	1	2	16.04 17.04 20.04	
113-115	Секірудің түрлері: sauté, echappe, changement de pieds, sissonne.	Sauté, echappe, changement de pieds, sissonne қайталау	1	2	22.04 23.04 24.04	
116-118	Жаңа би үйрету.Жаңа би қойылымы. Жаңа би туралы түсінікү. Бимен таныстыру. Қимыл-қозғалыстарды көрсету,үйрету.	Барлық қимыл-қозғалыстарды еске түсіру.	1	2	27.04 29.04 30.04	
119-121	Секірудің түрлерін қайталау.	Барлық қимыл-қозғалыстарды еске түсіру.	1	2	01.05 04.05 06.05	01.05
122-124	Секірудің түрлері: clissade, assemble, cabriole, ра ciseaux.	Барлық қимыл-қозғалыстарды еске түсіру.	1	2	07.05 08.05 11.05	
125-127	Зал ортасында chaine(айналу) үйрену.	Барлық қимыл-қозғалыстарды еске түсіру.	1	2	13.05 14.05 15.05	
128-130	Секірудің түрлерін қайталау және бекіту.	Барлық қимыл-қозғалыстарды еске түсіру.	1	2	18.05 20.05 21.05	
131	Классикалық бидің негіздері: қол, аяқ ұстанымдарын қайталау.	Үйде еске түсіріп,қайталау		1	22.05	
132	Жылдықбойынша позиция түрлерінқайталау, қимыл-қозғалыстартүрлерінбекіту жәнеқорытындылау.	Қорытынды		1	25.05	
	Барлығы сағат саны	132 сағат				